

АЙҚЫН

БІЗ ӘЛ-ФАРАБИДІ ТАНИ АЛДЫҚ ПА?



Осыдан бірнеше күн бұрын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби және қазіргі заман» деп аталатын V Халықаралық Фараби оқулары басталды.

Тарихта отызға жуық әл-Фараби бар...

Ортағасырда ғылыми ой ордасының іргетасын Шығыста көтерген көсем сана иесі Әбу Насыр әл-Фараби ғұламаға қатысты оқырманға бірер пікір айта салу оңай емес. Осыдан 1150 жыл бұрын дүниеге келіп, сексен жылдық тіршілігінде соңына ірілі-ұсақты 160-тан астам ғылыми еңбек қалдырған данышпан бабамыздың әруағының ғасырлар жылжып өткен сайын асқақтап, рухының биіктеп кеткені соншалық, ұрпақтарының бүгінде оған қолы да, ойы да жете бермейтіндігін де жоққа шығара алмайсыз. Қолы жете бермейтіні-кемеңгердің он ғасырдан астам уақыт бұрын өз қолымен жазған шығармаларының көпшілігі сақталмаған, сақталғандардың бір де бірі Қазақстан аумағында жоқ.

Ой жете бермейтіні – «ұлылардың ұлысы», «ұстаздардың ұстазы» атанған Аристотельдің еңбектеріне түсініктеме-түсіндірме жасаған, ғылымның сан саласы бойынша өзі де талайларды тандандырып, тамсандырған бірнеше рисалат-трактаттар жазған дана адамның не айтқанын я нені түсіндіргісі келгенін білу үшін түпнұсқа таңбаланған тілдің сол ортағасырлық қалпын меңгеру қажет. Ол тілді бүгінгі фарабықтар, яғни отырарлықтар біле ме? Білген күннің өзінде Аристотельдің «Жан туралы» еңбегін жүз рет, «Табиғи гармониясын» қырық рет, «Риторикасын» екі жүз рет (I) рет оқыған» әл-Фараби еңбектерін біз қанша рет қайталап оқуымыз керек сонда?..Тым болмаса бір рет оқып шығу үшін еңбектері түгелімен сенің бүгінгі тіліңе толық түсінерліктей аударылды ма екен?

Мінеки, ойымыз тұрмақ қиялымыз жете бермейтін қисынды қиындықтың бәрі осында жатса керек.

Сонда «толық танысақ» деп талпынып жүрген әл-Фарабиіміз қай әл-Фараби? Фарабитанушы Ауданбек Көбесовтің таныстыруынан 961 жылы қайтыс болған Ысқақ Фарабиді, XI-XII ғасырлар шамасында өмір сүрген Ахмет Фарабиді білуші едік; ал айтулы арабист-ғалым Әбсаттар Дербісалиевтің айтуынша тағы да отызға жуық (!) Фараби өз атын тарихта қалдырыпты. Демек, әрқайсысы тарихи тұлға ретінде жеке-жеке зерттеуді, таныстыруды талап ететін әл-Фарабилердің ішіндегі біз сөз еткелі отырғанымыз қай әл-Фараби десеңіз ол әрине, әлемге әлдеқашан әйгілі болған Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби.

Фарабитанушы ғалымдарымыз анықтаған азын-аулақ өмірбаяндық деректерге жүгінсек, ортағасырлық кіндік Азияның ең ірі ғылыми, мәдени һәм саяси орталығы болған, бір өзі дүниеге жиырмаға жуық ғұлама әкелген қасиетті Отырар қаласының киелі топырағында кіндік қаны 870 жылы тамыпты. Осында сауат ашады, одан соң Хорасанға барады; өз бетімен алған білімін жетілдіру үшін сол кездегі араб мәдениетінің орталығы Бағдатқа жетеді. Осы Бағдатта жүргенде емшілік өнер мен логиканы Юханна ибн Хайланнан, жаратылыстану ілімін Әбу Башар Маттадан оқып үйренеді. Одан кейін Дамаскіде, Харранда, Алеппода қызмет етеді.

Өмірін түгел дерлік ғылымға жұмсаған ғұлама, соңына мәңгілік өлмес мұралар қалдырған, тарихта аты бар әл-Фарабилердің ең үздігі – Әбу-Насыр әл-Фарабидің сүйегі Дамаскінің «Баб ас-сағир» («Кіші дарбаза») зиратына қойылған. Жерлеу рәсіміне Сириядағы атақты 15 қаланың басшылары түгел қатысып, сол кездегі Дамаскінің басшысы Сейд-ад-Дуаль Хамданидің өзі жаназасын шығарған.

Ал муаллим ас-сани

Әлемнің көптеген тілін білген сол Әбу Насыр әл-Фараби несімен әйгілі? Бұл сұраққа қанағаттанарлықтай жауапты ұлы философтың барлық еңбектерін түгел түгесе оқып барып, талдау жасау арқылы көзіміз жеткен ақиқатты өз санамыздың сүзгісінен өткізгеннен кейін ғана айта алар ма едік?

Десек те, әл-Фарабидің ғылымға белгілі ең мәшһүр еңбектерінің ғана жалпы саны жүзге жетерлік ғылыми шығармаларының барлығын жіпке тізгендей атап шығып жатпай-ақ, орыс және қазақ тілдеріне арақидік аударылып басылған ең ірі еңбектерін айтып өту артық етпес. Олар «Философиялық трактаттар (1970 жыл); «Математикалық трактаттар» (1972); «Логикалық трактаттар» (1975); «Птоломейдің «Альмагестіне» түсіндірме» (1975); «Тарихи философиялық трактаттар» (1985); «Ғылыми-жаратылыстану трактаттары» (1987); «Музыка және поэзия туралы трактаттар» (1992); «Музыканың үлкен кітабы» (2008).

Әл-Фарабиді әлемге әйгілі еткен тарихта «Мұсылмандық қайта өрлеу» («Мусульманский ренессанс») деген атпен қалған алтын дәуірдің алтын қазығы іспетті еңбегі – Аристотельдің «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Категориялар», «Аналитика» және басқа да философиялық, логикалық шығармаларына жазған түсіндірмелері еді. Онымен шектеліп қалмай, ұлы ұстазының дүниеге ойшылдық көз-қарасынан туындаған идеяларын одан әрі дамытуға үлес қосқан «Кемеңгерлік меруерті»,

«Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» секілді пәлсапалық еңбектерді дүниеге әкелді. Осындай әлемдік ақыл-ойдың алға жылжуына серпіліс туғызған теңдесі жоқ еңбегі үшін «Ал муаллим асани» яғни, «Екінші ұстаз» атанды.

Әлем Әл-Фарабиді әлдеқашан тани бастаған...

Тарихта талантымен де, еңбегімен де дүниені табындырған, мойындатқан аса ірі тұлғалар ғылымда да, өнерде де, әдебиетте де баршылық. Солардың ішінен ғылым аспанында мәңгі сөнбес жұлдызға айналған, біздің заманызға дейінге V-VI ғасырда өмір сүрген грек ойшылдары Пифагорды; «Платон маған дос, бірақ ақиқат одан да қымбат» деген қанатты сөздің тууына себепкер болған «бірінші ұстаз» Аристотельді; одан бері үш ғасырдан кейін дүниеге келген Евклидті; одан бері тағы да үш-төрт ғасырды араға салып дүниеге атын мәлім еткен Птоломейді алсаңыз да, одан бергі орта азиялық Мұхаммед Хорезми әл-Киндиді (IX ғасыр) айтсаңыз да, бұлардың кез келгені әл-Фараби назарынан тыс қалмаған. Оларды өзінің ұстазы санаған, солардың еңбектерін егжей-тегжейлі зерделеп, жаңаша тұжырымдарға толы аса құнды зерттеулер қалдырған әл-Фараби осылайша дүние ғылымын игеріп, әлемді таниды. Кейін келе әлем әл-Фарабиді тануға көшті.

«Шығыс Аристотелі» атанған Әбу Насыр әл-Фараби рисалаттарының көшірме қолжазбалары әлемнің әр түкпірінде сақтаулы. Аса құнды мұралардың бізге жетуіне негіз болған бұл жәдігерлер Каир, Лондон, Ыстамбұл, Калькутта, Бомбей, Мадрид, Тегеран, Берлин, Братислава, Лейден, Анкара, Хайдарабад, т.б қалалардың кітапханаларында жатыр. Оларды жарыққа шығарып, зерттеу ісі ертеден-ақ қолға алынған. Араб-парсы тілдерінде 995 жылы Ибн әл-Назим; 1169 жылы әл-Байхаки; 1248 жылы әл-Кифти; 1658 жылы Хаджи Халифа; 1484 жылы шығыстанушы Венике; 1638 жылы Камерариус латын тілінде; неміс тілінде 1902 жылы Генрих Зутар, 1883-1904 жылдары Фридрих Диетереци, 1886-1937 жылдары Карл Броккельман; 1910 жылы венгр тілінде И.Гольдциер; француз тілінде 1927 Георг Сартон; орыс тілінде 1958 жылы С.Григорян; өзбек тілінде 1963 жылы М.Хайруллаев; 1962 жылы америкалық ғалым Николас Решер ағылшын тілінде; түрік тілінде 1950 жылдары А.Сайылы мен Һ.Үлкен. 1969-1970 жылдары Нихат Кеклік, одан кейін де бұл саладағы ізденушілік әлем ғалымдары тарапынан толастамаған, кейін американдық Хабиб Хасан (1996); М.Фахри (2002); С. Марцинковский, Д.Рейсман (2005); ресейлік Т.Туманян, Е.Держивицкий (2008.) қазіргі заманғы француз зерттеушілері Алан де Либера, Реми Браг, тәжік М.Богоутдинов, М.Диноршоев, З.Диноршоева, М.Джанбобоев, С.Султонзода, тағы басқалар Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерін мүмкіндігінше жариялап, зерттеп, ғылыми айналымға түсірген. Осы аталған есімдер мен жылдар көрсеткішіне көңіл аударсаңыз, жерлесіміздің орасан зор еңбегі сонау орта ғасырдан бері қарай үзілмей үнемі әлем назарына әртүрлі көлемде, сан алуан пішінде жеткізіліп келе жатқандығын айқын аңғарасыз. Аңғарасыз да ойланасыз. Ойдың бір ұшы өзімізге келіп тіреледі.

Ал біз танып болдық па?..

Әрине, жоқ!..

Фараби әлеміне барар бір ғана жол бар. Ол – оқу. Оқу арқылы еңбектерін өз тілімізде сөйлету, зерттеу, талдау, саралау.

Бұл мақсатта қандай игі істер жүзеге асырылды дегенге келсек, ең әуелі фарабитанушы ғалымдарымыздың атқарған еңбегі ауызға ілінеді. Өйткені ол қазақ топырағынан шыққан, ұлтымызға етене, тамыры түркі халықтарына түгел ортақ ғұлама еді. Фарабитанушы көрнекті ғалым А.Машанов: «... Фараб атты мекен бір ғана жер емес, бірнеше жерде бар. Соның бірі Әмудария бойында, тәжік жерінде. Сол бойынша әл-Фараби ирандық нәсілден деген жалған пікір қалыптасқан. Оны қазір ешкім қолдамайды. Әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлелдеп жазып, картаға түсірген атақты ғалым-географ ибн Хаукал. Ол өзінің «Китабу Масалик уа мамалик» аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын берген,

қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды жазғанда, картаға түсіргенде әдейі арнайы, тоқтап «Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ әл-Фарабидің туған жері» деп Әбу Насыр әл-Фарабидің кіндік қаны тамған жерді анықтап берген еді. Осылай басы ашылған тарихи шындықтан кейін отандық фарабитанушылар шындап іске кіріскен. 1957 жылдары алғашқылардың бірі болып, қазақ зиялыларының ішінде ғалым Әлкей Марғұлан таныстырған мақаласынан бастап А.Машанов, А.Көбесов, М.Ысқақов, Р.Әбсаттаров, Е.Жәнібеков, А.Қасымжанов, М.Бурабаев, Ә.Дербісалиев, Ж.Алтаев, І. Жарықбаев, Ш. Хайруллаев, А.Кенесарин, Г.Құрманғалиева, К.Тәжікова, С.Сәтібеков секілді т.б ғалымдар жазып, жариялаған ғылыми еңбектер мен аудармалар айтуға тұрарлықтай. Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай шығарылған ЮНЕСКО шешімі бойынша 1975 жылы Алматыда Әбу Насыр әл-Фарабиді танушы әлемнің мыңнан астам ғалымдары бас қосқан «Әл-Фараби және Шығыс елдерінің ғылымы мен мәдениетінің дамуы» деген тақырыпта халықаралық конференция өтті. Мұның өзі қазақ топырағында дүниеге келген ғұламаны әлем мойындап отырғанын танытқан еді.

Өзгелерге қарағанда қазақстандықтар ортағасырлық алыпты тануға құлшына кірісті.

1990 жылдан бастап фарабитану ісі қайта қолға алынды да, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы жанындағы Философия және құқықтану институтынан белгілі философ-фарабитанушы М.Бурабаев жетекшілік ететін «Фарабитану және Шығыс философиясы» деген бөлім ашылды. Бірақ...

Араб, парсы және басқа тілден тікелей қазақшаға аударылатын қазақша сауатты маман жоққа тән-тұғын. Фарабиді қазақша сөйлету үшін ортағасырлық араб тілінен еркін аударылатын аудармашы әрі философиялық ұғымдар мен түсініктердің ортағасырлық аталымдарын білетін, оны бүгінгі терминдермен ұштастыра алатын білікті ғалым керек еді...

1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан фарабитанушы А.Қасымжанов басқаратын «Әл-Фараби ғылыми зерттеу орталығы» құрылып, 30-ға жуық маман тартылған... Бірақ...

Сол мамандардың ұйымдаса, қолтықтаса жұмыс істеуіне, басқаның бәрін ысырып тастап, тек Фарабиді зерттеуге толық мүмкіндік бола қоймады. Жөн білетін, тіл білетін сергек те сезімтал кадрларды үкімет мемлекеттік қызметке іліп әкеткен... Осы университеттің философия факультеті жанынан 1993 жылы философ А.Қасабекұлы басқаратын «Қазақ философиясының тарихы» кафедрасы ашылған. Бірақ... Қазақ ойшылдарының философиялық көзқарастарын саралап, анықтап, айтып беретін оқулық, оқулық тұрмақ соны қазақ тілінде жазатын маман жоқтың қасы еді. Орысша сөйлеп, орысша жазатын білікті философтар енді-енді ғана қазақшаға бет бұрған болатын. Осы «бірақтардың» ар жағында шешілуі қиын түйінді мәселелер, аяққа тұсау, қолға байлау, ойға орау болған кедергілер болғанын түсінсек, бұл бірді-екілі адам тұрмақ, ол кезде институттың да, университеттің де, академияның да қолынан келе қоятын іс емес-тін..

Фарабитанудың және танытудың отандық ордасы

Иә, рас, біз – қазақстандықтар, Әбу Насыр әл-Фарабиді тануға да, танытуға да үздіксіз әрекет етіп келеміз:

Тәуелсіздігіміздің айғағындай теңгеміздің бетіне бейнесін салдық; республика аумағындағы елдімекен (қала, село, ауыл) көшелеріне әл-Фараби есімін бердік; Шымкенттегі мәдениет институты да әл-Фараби атында; еліміздегі көшбасшы университетті әл-Фараби есімімен атадық.

Ғұламаның ғылыми шығармашылығын ғылыми негізде үздіксіз зерттеу, ұрпақ игілігіне жарату ісін бүгінде жүзеге асырып келе жатқан бірден-бір білім мен ғылым ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті екені рас. Әл-Фарабиді тану және таныту ісі оқу ордасына академик Ғалымқайыр Мұтанов ректор болып келгелі мықтап қолға алынды.

Университет жанындағы Орта Азияда теңдесі жоқ, заманауи ІТ технологиялармен бүгінгі күннің талғамы мен талабына сай жабдықталған, кітап қоры 2 млн 201 мың 795 дана, төрт қабатты (бір қабатындағы электронды оқу залы 700 орындық) кітапхана әл-Фараби атымен аталады.

Осы кітапхана ішіндегі тарихи құжаттар мен мұрағаттарға, тарихи жәдігерлерге, рухани мұраларға толы, әр керегесіне әр заманнан ақпарат беретін диорамалар орнатылған мұражай данышпан бабамыздың өмірі мен ғылыми-танымдық шығармашылығына арналған...

Университеттегі «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті» республикалық ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығы жұмыс істегелі де фарабитану ісі бүгінде республикалық ауқымнан асып, халықаралық деңгейге көтеріліп келеді. Осындай фарабитану бағытындағы орталықтар біздің университет бастамасымен Иорданияда, Ыстамбұлда ашылды. Биыл Голландияда да ашылмақ. Пәкістанда әл-Фараби атында мектептер және колледждермен, Сирияның Дамаск қаласындағы әл-Фараби этно-мәдени кешенімен тығыз байланыс орнатылмақ.

Голландия демекші, бұл елдің ғалымдарымен Қазақстанның және Түркияның ғалымдары бірігіп, нидерланды тілінде «Әл-Фараби – екінші ұстаз» атты фильм түсірген болатын. Біздің университеттегі әл-Фараби телерадио кешені фильмді қазақ тіліне аударды.

Фарабитанушы ғалым Жақыпбек Алтаев Огайо, Ыстамбұл университеттеріне барып, Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби туралы дәріс оқып қайтты. Университет ғалымдарының зерттеу ісінің нәтижесінде монографиялар; орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде оқу құралдары шығарылды. Әбу Насыр әл-Фараби жинақтары бірнеше тілде қайта басылды.

Республика мектеп оқушылары арасында жыл сайын өтіп келе жатқан «Әл-Фараби олимпиадасын» да айта кеткен артық емес. Биыл 2 пән бойынша бұл олимпиадаға еліміздің барлық аймағынан 9 мыңнан астам оқушы тілек білдірді. Үш турдан тұратын бәсекеден озып шыққан ең үздік оқушыға университет арнайы білім беру грантын қарастырмақ. Бұл да әлемнің екінші ұстазының есімін ұрпақ санасына ұялатудың жарқын жолдарының бірі екендігінде дау жоқ.

Университет жанынан шығатын мектеп оқушыларына арналған «Әл-Фараби» танымдық журналы да әлем таныған ғұламаның ілімі мен білімін ұлт ұрпағына үйрету мақсатында жүйелі шығып келеді.

Университетімізді халықаралық стандарттарға сай заманауи мазмұнда дамыту мақсатын көздеген Al-Farabi university – smart city деп аталатын ғылыми-жаңарымдық, тың жобаның негізі ортағасырлық Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала» ілімінен алынған. Университеттің бұл жаңа моделі тек технологиялық дамуды ғана емес, сонымен бірге рухани-жаңғыра жетілуді де жүзеге асыруды көздейді. Мұндағы негізгі бағыт – қайырымды әрі ақылды университет негізінде қайырымды әрі ақылды мемлекет орнату. 2020 жылы ғұламаның өмірге келгеніне 1150 жыл толады...

Осыдан екі жыл бұрын яғни, 2016 жылы БҰҰ-ның «Өркениеттер альянсы» VII ғаламдық форумында «Әл-Фараби – өркениет философы» атты секциясында біздің университет Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуын әлемдік деңгейде атап өтуді ұсынған.

Осыдан бір ай бұрын университет ректоры, академик Ғ.Мұтанов Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы ЮНЕСКО өкілдерімен және Алматыдағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының директоры Криста Пиккатпен кездесті. Онда түркі дүниесіне, мұсылман әлеміне ғана емес бүкіл адамзатқа ортақ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын атап өту қарсаңындағы іс-шаралар талқыланды.

Осыдан бірнеше күн бұрын осы университетте «әл-Фараби және қазіргі заман» деп аталатын V Халықаралық Фараби оқулары басталды. Әлемнің әр түкпірінен 38 ірі-ірі фарабитанушылар бас қосқан бұл ғылыми шара он күнге созылады. Осы күндері 15

ғылыми конференция өтпек. 150-ге жуық ғылыми баяндамада әл-Фараби заманы мен қазіргі заманды байланыстыратын өркениеттер сабақтастығы мен даму шағы сөз болмақ... Осы форумда 2012 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуын әлемдік ауқымда атап өту мәселесі тағы да арнайы сөз болды.

Иә, әлем әл-Фарабиді заманауи талаптар мен ғылыми таным деңгейінен тануды жалғастыруда...

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультетінің деканы